

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 16 тамыздағы № 1055 Қаулысы

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы Қаулы 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

«2012 - 2014 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 24 қарашадағы Заңына, «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына қауіп төндіретін жағдайды жою мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне 2012 жылғы егіннің астығын қабылдау үшін Ақмола, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарының астық қабылдау кәсіпорындарынан көрсетілген облыстардағы элеваторлық қуаттарды босату мақсатында, неғұрлым бос астық қабылдау кәсіпорындарына «Азық-түлік келісім шарт корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты, бюджет, меншікті және тартылған кредит қаражаты есебінен сатып алған мөлшері 457012,176 (төрт жүз елу жеті мың он екі тонна бір жүз жетпіс алты килограмм) азық-түліктік астығының орнын ауыстыру (оның ішінде 2012 жылғы қаңтардан басталған) бойынша шығындарды төлеуге 2012 жылға республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінен 1745426100 (бір миллиард жеті жүз қырық бес миллион төрт жүз жиырма алты мың бір жүз) теңге сомасында ақшалай қаражат бөлінсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 19.12.2012 № 1622 Қаулысымен

2. «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы заңнамада белгіленген тәртіппен азық-түлік астығының орны ауыстырылған көлемін кейіннен ішкі нарықта және (немесе) экспортқа сату арқылы «Азық-түлік келісім шарт корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамымен Ақмола, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарының астық қабылдау кәсіпорындарынан басқа өңірлердегі барынша бос астық қабылдау кәсіпорындарына азық-түлік астығын орнын ауыстыруға байланысты шарттар жасасуды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасының

К. Мәсімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ